



Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Aqtoğai aýdandyq qoғamdyq-saiasi basylym

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 30 (7972) 23 тамыз, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы –
өміршең өзгерістер

Баршаңызға мәлім, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында нақты тапсырмалар беріп, жаңа міндеттер жүктеді. Бір сөзбен айтсақ,

қаражат түсе бастады. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл көзіміз көріп жүрген дей нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана. –Өздеріңізге мәлім, былтырдан бері елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары жүргізілді. Небәрі бір жарым жылдың ішінде көптеген өзгеріс жасалды. Қолға алған шаралар нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады. Басқару жүйесі ықпалды Парламенті бар

Ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр

мемлекеттік аппараттың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі үшін бұл іс-шара өте маңызды.

Бүгінде Президентіміздің бастамаларының басым көпшілігі жүзеге асты. Бірқатар жұмыс жалғасып жатыр. Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өтсек. Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынуда. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына

Президенттік республика үлгісіне көшті. Елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орнықты. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыруымыз қажет. Бұл жерде Парламенттің рөлі ерекше, - деді Президент.

Мемлекет басшысы айтып өткендей адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалды. Әділдікті және заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігі артты. Қоғамның саяси мәдениеті мүлде жаңа сипатқа ие болды.

Алайда нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет.

Қ.Қадырберлин,
аудандық мәслихат депутаты,
Абай ауылы.

* Мемлекеттік кірістер органының құрылғанына 10 жыл

Мерекелік марапат

Салық – елді өркендету үшін төле-нетін төлем. Салық – бұл мемлекеттік қаржының құрылуының қайнар көзі. Бір сөзбен айтқанда, салық жүйесі – мемлекеттің қаржылық қуатының басты тірегі һәм негізгі кіріс көзі. Сол арқылы мемлекет өзінің көптеген саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін шешіп, азаматтарына жағдай жасап, тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Тәуелсіз елдіміздің тарихында өзін-

ның ішінде ауданымыздың салық және бюджетке төлеңетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етудегі үлестеріңіз ерекше. Осы орайда, жүктелген міндетті абыроймен атқа-рып, ауданымыздың әлеуметтік-эко-номикалық дамуына сүбелі үлес қосып жүрген өздеріңізге шынайы риза-шылығымды білдіремін, – деп сөз са-бақтаған өңір басшысы бірқатар сала қызметкерлерін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен және мерекелік төс бел-гілерімен марапаттады.



Жиында сөз алған Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Д.Дүйсетбаев: – Мемлекеттік кірістер органдарының негізгі міндеті бюд-жетке салықтар мен төлемдердің уақтылы түсуі есебінен бюджетті қамтамасыз ету. Бүгінде E-Salyk business, e-Salyk Azamat, salyqbot сияқты жүйелер жұмыс істейді, онда бизнес өкілдері онлайн қызметті қолайлы ала алады, кез келген

дік орны бар мемлекеттік кірістер органының құрылғанына 10 жыл толып отыр. Бұл орган – еліміздің экономикалық және қаржылық қауіпсіздік мәселелерін шешудегі стратегиялық, маңызды мекеме.

Өткен аптада аудан әкімі Абылай Аманжолов атаулы күнге орай мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерін жеке қабылдап, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

–Еліміздің қаржылық тұрақтылығының мызғымас бөлігіне айналған мемлекеттік кірістер органдарына биыл 10 жыл толады. Ел экономикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі, со-

сұраққа да жауап табады. Шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бүгінде мемлекеттік экономикалық саясаттың басым бағыты. Сондықтан біз олармен кері байланыс орната отырып, мемлекет мүддесі үшін жұмыс істейміз. Мемлекеттік кірістер органдарының құрылғанына 10 жыл толуына орай барлық әріптестерімді мерекемен құттықтап, қажырлы еңбегі үшін алғысымды да білдіремін. Халық пен мемлекеттің бірлескен жұмысы біздің мемлекетіміздің берік іргетасын қалайды, – деді.

Өз тілшімізден.

Сапалы өнімді ұсынатын кәсіпорындар қажет

«Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз». Президент Қ.Тоқаев айтып өткендей Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа жетеміз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өндуге көшуіміз керек. Әрине бұл салада ірі компаниялар көбірек болса, нақты серпіліс жасауға болатыны анық. Мемлекет басшысы айтқандай біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап тұруымыз керек. Сондықтан елімізге сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындар қажет.

Отандық агрофирмалардың ірі компаниялар қатарына кіргені жөн болар еді. Сондай-ақ өзара тиімді шарттарды ұсынып, бұл жұмысқа халықаралық корпорацияларды белсенді түрде тарту керек.

–Ет, сүт, астық өнімдерін терен өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге өз еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін қаперден шығармаған жөн.

Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек, - деді Президент.

Жолдауда ауыл шаруашылығы техникасының жыл сайын 8-10 пайызын жаңартып отыру қажеттігі айтылды.

Қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы сала. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кететіні анық. Бұл ретте Президент:–Агроғылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агротехнология хабына айналдыру керек, – деді.

С.Капасова,
Шабанбай би ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы.

* Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Тұрғындар тілегі назарда

«Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» немесе «Естуші мемлекет» - бұл тұжырымдаманы баса айтқан болатын.

«Азаматтардың, халықтың барлық өтініш-тілектерін жедел түрде әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру, барлығымызға ортақ міндет», - делінген Жолдауда. Естуші мемлекет тұжырымдамасында мемлекеттік органдардың ең басты тапсырмасы - ол азаматтардың сұраныстарын қанағаттандыра білуі керек. Бұл тұжырымдама тек елдің астанасы не болмаса ірі қалалар аясында ғана емес еліміздің түкпір-түкпірін қамтиды. Яғни, шалғай ауылдардағы әкімдер болсын, мемлекеттік органдардың өкілдері болсын бұдан шет қалмайды. Бұл мақсатта өңірге қарасты елді мекендерде белгіленген кестеге сәйкес аудан әкімінің, аудан әкімі орынбасарлары мен сала басшы-



ларының халықпен кездесулері, тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдаулар өткізіліп тұрады. Таяуда аудан әкімі Абылай Аманжолов аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Аудан әкімінің қабылдауына келген тұрғындар, тұрғын-үй, жұмыс мәселелері бойынша өтініштерін жеткізді. Қабылдауда айтылған тұрғындардың өтініш мәселелерін шешуді аудан әкімі тиісті сала басшыларына тапсырып, бақылауына алды.

Думан ҚАБЫЛ.



Тазалық – денсаулық кепілі

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде жыл басынан «Таза Қазақстан» республикалық акциясы басталды. Бес аптаға созылған науқанда әр тақырып бойынша сенбілік ұйымдастырылып, көркейту-көгалдандыру іс-шаралары жүргізілді. Ауқымы кең акцияға қала, аудан, ауылдық округтер түгел қатысып, атсалысу жүктелген. Жуырда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық шарасы аясында Айыртас ауылдық округінде сенбілік болып өтті. Тазалық акциясына ауыл ардагерлері, ауыл әкімі аппараты, жастар мен ауыл азаматтары біркісідей қатысты.

Акция аясында мекеме қызметкерлері мен тұрғындар белгіленген аймақ бойынша көшелер мен саябаққа тазалық жасап, ағаштардың түбін актаумен қатар, ғимарат қоршауларын белгіленген түске сылау-сырлау жұмыстарын жүргізді.

«Тазалық – денсаулық кепілі». Еліміз, жеріміз таза болса, ауамыз таза болса өсіп келе жатқан ұрпақ та дені сау болып өседі. Сондықтан біз осы сенбілікке өзіміздің шамамыз келгенше көмектесіп жатырмыз. Туған мекенді тазалап кету ғана емес мақсат. Игі амалды өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ көрсін. «Ұяда не көсен, ұшқанда соны ілесін» деген халқымыз. Ауылымыз таза болса, ауданымыз таза болса бүкіл еліміз Қазақстан таза болады, - дейді акцияға атсалысқан айыртастықтар. Ауыл әкімі Қанат Бакировтың айтуынша бұл бір күндік, бір мезеттік акция емес. - Ауылдың тазалығына баса мән беру арқылы болашақ ұрпаққа, туған жерге, Табиғат-анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру – парызымыз, - деді ол.



Д.Бақышев,
Айыртас ауылы.

* Президент тапсырмасын орындай отырып...

Әлеуметтік саланың әлеуеті зор

Апта басында аудан әкімі Абылай Аманжоловтың төрағалығымен кезекті аудандық аппараттық кеңес өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, кент, ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі «Отбасылық цифрлық картасы жобасын іске асыру туралы» ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Д.Аубакировтың ақпары тыңдалды.

Еліміздің дамуына әлеуметтік сала бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар мен қолға алынып отырған жобалардың да қосатын үлесі бар. Халықтың жағдайын жақсарту мақсатынан бөлек, қоғамда өмір сүріп жатқан мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету, олардың қоғамнан өз



орнын табуына ықпал ету де маңызды іс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдаудың басымдықтарына орай жергілікті билікке нақты жұмыстарды қолға алуды тапсырған тапсырмасы да бар. Бүгінгі таңда аудан көлемінде Жолдау аясында әлеуметтік сала бойынша атқарылып отырған жұмыстар баршылық.

—Мемлекет Басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдың I қаңтарынан бастап Отбасының цифрлық картасы іске қосылды, ол отбасылардың тізімдерін

олардың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейі бойынша қалыптастыруға мүмкіндік береді. Отбасының цифрлық картасы отбасының әл-ауқаты деңгейін бағалайды, яғни экономикалық, әлеуметтік және тұрғын үй жағдайлары, денсаулық, білім бойынша отбасыларды 5 санатқа бөледі. Ақтоғай ауданындағы отбасының цифрлық картасы бойынша 4 780 отбасы (15 537 адам) бар. Нақты жағдайды анықтау үшін әр отбасымен жүйелі жұмысты жүргізу мақсатында Д, Е санатындағы отбасылардың тізімі алынып,

тиісті бөлімдерге, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдеріне жіберілді. Жіберілген тізім бойынша анықталғаны елді мекенде тұрмайтын 208 адам тізімі полиция бөліміне жолданды. 1-5 жасқа дейінгі балабақшаға тіркелмеген балалары бар отбасылар саны 33, 6-15 жасқа дейінгі мектепке тіркелмеген балалары бар отбасылар саны 45. Аталған тізім аудандық білім бөліміне жіберілді. Міндетті медициналық сақтандыруы жоқ отбасылар саны Е категориясында 34 адам, Д категориясында 274 адам. Аталған тізім аудандық ауруханаға жіберілді, - дейді Д.Аубакиров.

Сала басшысының айтуынша облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жыл соңына дейін Д және Е санаттарындағы отбасылардың санын 20% - ға дейін азайту қажет. Осыған орай тиісті бөлімдер, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері Д, Е санатындағы адамдарды жұмысқа орналастыру, балабақшаға орналастыру, медициналық ұйымдарға бекіту,

мүлікті, көлікті және жеке кәсіпкерлікті жария ету бойынша халықпен тиісті жұмыстар атқарылмақ.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімі әр отбасы бойынша жүргізілген жұмыс туралы ай сайынғы ақпаратты жұмыспен қамтуды үйлестіру бойынша тиісті орынға тапсырмалар берді. Сондай-ақ жылу маусымына дайындық барысы және күзгі егін науқанын тұрақты өтуін қадағалау, ақпараттық жұмыстың жүйелі түрде жүргізілуін тапсырды.

Өз тілшімізден.

* Конституция күні қарсаңында

Ата Заңды білу және құрметтеу әрбір азаматтың парызы.

Конституция – мемлекеттің негізгі заңы және оның нормалары басқа заңдар үшін басты қағида болып есептеледі. Сондай-ақ, ол қоғамдық және мемлекеттік құрылыс негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін, олардың түзілу реттілігі мен қызметін, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Ата Заңымыздың ерекшелігі – мемлекеттік басқару жүйесін толық бір жүйе ретінде қарастыруында, яғни бұл Конституция заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерін өз алдына бөлек орган ретінде емес, тұтас құрылымдық жүйе ретінде қалыптастырып, олардың міндеттері мен жауапкершілігін белгілеп беруімен құнды. Басты құжаттың құндылығы онда Қазақстанның өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік деп жариялауы.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

Бірақ та, бүгінгі таңда көпшілік Конституцияны білгенімен, онда жазылған өзінің құқықтарын толық біле бермейді. Өз құқығын толық білмеу тұлғаның құқығын өзгелердің

пайдалануына әкеліп соқтыруы мүмкін. Мұндай оқалық болмас үшін Конституцияның не екендігін жас ұрпақтың санасына сіңіру керек.

Халық болып қабылдаған Конституциямыздың арқасында қазақ елі дүние жүзіне танылды. Әлемдік саясаттағы, экономика, мәдениет, құрылыс, білім және тағы басқа салалардағы бағындырған белестер, алған асулар, еліміздің бірлік, келісім, татулық ұстанымдары сара жолымыздың дұрыстығын айқындайды. Мұның бәрі мемлекет басшысының салиқалы саясатының жемісі. Ең маңыздысы, конституциялық қағидалар негізінде мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының өзара әріптестігі іске асып, сот реформасы одан әрі жалғасын табуда.

Конституциямызды қабылдаған ширек ғасыр ішінде еліміз айбары асқан қуатты ұлтқа, әлемге атын таныта білген дербес мемлекетке айналып, Отанымыздың бірлігі нығайып, тұрақтылық пен татулық орнықты.

Біздің ендігі басты міндетіміз – тәуелсіздігіміздің тірегі болған Конституциямызды қатаң ұстанып, құрметтеп, оның маңыздылығын бір сәтке де жоғалтпай сақтау.

Өйткені, Ата Заңды құрметтеу – ел тарихын құрметтеу.

Г.К.Айдарханова,
Ақтоғай аудандық сот әкімшісінің
бас маманы.

Азат рухты, айбарлы еліміздің еркін өркендеуінің ерен тетігі – Ата Заңымыз. Неліктен Ата Заң? Өйткені, ол бір күнде пайда болған жоқ. Бұған дейін бірнеше мың жылдық тарихы бар Ұлы Даллада заң болмады дейсіз бе? Болды, әрине. Өз Тәуке ханның «Жеті жарғысы», Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы сынды заңдар жиынтығы елімізді осы күнге аман-есен жеткізіп отыр. Демек, Конституциямыздың Ата Заң аталуы тегін емес. «Сөз қадірі – өзі қадірім» деп, бір ауыз сөзбен ел тоқтатқан қарға тамырлы қазақ баласы қашанда «Атам қазақ» деп сөйлеген. Яғни, қандай іс қылса да өткенге сүйеніп, болашаққа бағдар жасаған. Сондықтан, Ата Заңымыз – ата-бабамыздан келе жатқан бұлжымас сара жолдың жаңа заманғы нұсқасы, жалғасы. Қазақстанды демократиялық, зайырлы және құқықтық ел ретінде айқындайтын басты құжат. Барлық құжаттың қайнар көзі, бастауы. Әуақты ата-бабаларымыз тағдырдың сан тараулы сынағын, қиындығы мен тосқауылын бастан өткерсе де, болаттай берік ерік-жігерінің арқасында ұзақ уақыт бойы армандап, аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткіздік. 1991 жылы егемен еліміздің туы зәу бикке көтеріліп, байтақ Отанымыздың Тұңғыш Президенті сайланып, дербес ел екенімізді растайтын мемлекеттік рәміздер бекітілді.

Ел ретінде айқындайтын басты құжат

Конституция – латынның constitutio сөзінен алынып, «құрылғы, құру, орнату» деген мағынаны білдіреді. Ол – мемлекеттің негізгі заңы, жоғары заңдық күші бар ерекше нормативтік-құқықтық акт. Жалпақ тілмен айтсақ, бейбіт әрі еркін өмір сүруіміздің кепілі бола алатын басты құжат. Яғни, кез келген мемлекеттік орган, мекеме, ұйым өз қызметін Конституцияны басшылыққа ала отырып, жүзеге асырады. 1993 жылы 28 қаңтарда қабылдаған Конституциямыздың кейбір тарауларына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, 1995 жылы 30 тамызда қазіргі Ата Заңымыз бекітілді. Кенестік дәуірде Конституцияны өкілетті органдар қабылдаса, біздің негізгі құжат халықтың жалпы дауысымен референдумда қабылданды. Бұл күн еліміздің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан күн ретінде тарихқа танбаланды. Осылайша, қазақ халқы өзінің егемендік құқығын әлем жұртшылығына паш етіп, мемлекет тамырының теренге тартылып, буынының бекуіне, өсіп-өнуіне, халықтың әл-ауқатының артуына, дамуына жол ашты.

Осы мерейлі межеге биыл 29 жыл толып отыр. Ата Заңымыздың қабылдануы, мемлекеттік рәміздеріміз Елтаңба, Туымыз бен Әнұранымыздың бекітілуі, ұлттық валюта – теңгенің енгізілуі Қазақстан Республикасының қалыптасуының аса маңызды кезеңдері болды.

Тәуелсіздік туы ел өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Сан жүз жылдар бойы ата-бабамыз армандаған егемендікке қол жеткіздік. Ішкі-сыртқы саясатымызды ұлттық мүдде арнасында жүргізіп, демократиялық даму жолына түстік. Зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың берік іргетасын қалап, өркенің көшінің бел ортасынан орын алғанымызды бүкіл әлем жұртшылығы мойындауда. Өндірістегі іркілістер мен дағдарыстарға қарамастан Республика тұрғындарының ертенгі күнге деген сенімі нығая түсуде. Осынау қол жеткізген жетістіктерді баянды ете отырып, оны ары қарай жалғастыру, елінің ертенін ойлайтын әрбір азаматтың және бүгінгі білім алып отырған жастарымыздың абыройлы борышы екендігі даусыз.

Н.Амирханова,
Ортадересін ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

* Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Ауыл әлеуетін көтерудің маңызы зор

Ақтоғай ауданындағы шалғай орналасқан елді мекендердің бірі Айыртас ауылдық округі. Өндірісі өркендеп, өңірі малға толған аймақтағы төрт түлігі төлежіп, әлеуеті артып келе жатқан Айыртас ауылы 1965 жылы құрылған. Түгін тартсаң майы шығатын, жері құнарлы, малға жай осынау құтты қоныс ауыл шаруашылығы саласы бойынша бөсі жоғары десе де болады. Мұндағы ел нәпақасын ата кәсіптен айырып, асыл тұқымды ірі қара, Шопан ата түлігін өсіруде жақсы жетістіктер көрсетіп келеді. Тұрғындар «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша таза ауыз сумен, интернетпен қамтылған. Клуб үйі, бастауыш мектеп, почта қызметі жұмыс істеп тұрған елді мекеннің басты мәселесі тозығы жетіп тұрған электр желілері. Жарты ғасырдан астам уақыт айыртастықтарды тоқ көзімен қамтып тұрған электр желілері бүгінде тозығы жетіп, қыс боран, жаз дауылды күндері жиі тоқ сөніп қалатыны жасырын емес.

Тұрғындарды тұрақты тоқпен қамтылуы мақсатында Айыртас ауылдық округі әкімдігі электр желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жергілікті кәсіпкерлерді тарту



мақсатында жүргізіп келеді. Соның бір парасы таяуда Айыртас ауылдық округінде кен-барлау жұмыс-тарымен айналысып жүрген «Жана-Мыс» компаниясы ауылға көмек ретінде қаражат бөліп, сол қаражатпен

ауылымыздың тозығы жеткен электр сымдары толығымен СИП кабельмен айырбасталу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы жұмысты жүргізіп жатқан «Коннект» ЖШС басшысы Абдин Ербол мырзаға ауыл халқы алғыс білдіреді.

«Бүгінде Қазақстан халқының 40 процентке жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан, ауыл-дағы жағдайды жақсарту алмасқақ – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын», – деген еді Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде. Президентіміз өз Жолдауында айтып өткендей ауылды абаттандыру, халықтың тұрмыс сапасын арттыру жолында жаңа бастамалар қолға алынатын болады. Өйткені ауыл – қазақтың алтын ұясы. Өңір экономикасын дамытуда

ауылдың әлеуетін көтерудің де маңызы жоғары.

Қ.Бакиров,
Айыртас ауылдық округінің әкімі.



Соңы. Басы газетіміздің №27-28-29 (7969-7971) сандарында.

«Жамшы» кеңшары: Жұлдызды жылдары мен өркендеу кезеңінде

«Балқашқұрылыс» тресті («Прибалхашстрой») АҚ басшылары Н.А.Нысанбаевпен, Т.С.Аралбаевпен т.б. кездескен уақытта бас мердігер ретінде кеңшарға бұрынғы қолдауларын жалғастыруды сұрап, келелі әңгімелер жүргізілді. Бұл Одақтағы аса ірі құрылыс ұйымының өзі де нарықтың қатал заңын сезініп келе жатқан болатын. Дегенмен, бар мүмкіндіктерінде көмектерін аяған жоқ. Әсіресе, трест басқарушысының жабықтау жөніндегі орынбасары – УПТК бастығы болған, соның базасында құрылған «Снабстройцентр» шағын кәсіпорнының директоры Болат Қалиұлы Диханбаймен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасады. АҚ ұжымы тіпті бір жылы кеңшардағы суармалы учаскеден 5 га жер алып, сол жерге көкөніс, картоп егіп, өнім жинағаны есте.

«Балқашқұрылыс» АҚ басшыларымен келісе отырып, оның бір бөлімшесінде бас инженер болған Ж.Мырзабековтің басшылығымен тәжірибелі құрылысшы Сағат Жексенбековтің бригадасы құрылысы бітпей, ішіне жылқы үйіздей, аңғал-санғал тұрған, кетсе кете бастаған кеңшардың екі қабатты кеңсе ғимаратын сапалы да сәнді етіп жөндеп шықты. Е.Сафроновтың бригадасы орталық жылу жүйесіне қосып берген кеңсеге 1992 жылдың күзінде қоныстанды. Мұнда 50 адамдық мәжіліс залы, селекциялық жұмыстар кабинеті болды, барлық бас мамандар, бухгалтерия, орта буын қызметкерлер жайлы да жарық кабинеттерде жұмыс істеуге мүмкіндік алды.

Балқаштық құрылысшылар жобасы мен жабықтары дайын тұрған жылына 10 000 қой терісін өңдеу цехын салу үшін осы ірі құрылысқа қажетті жерге қағылатын тіреулерді, аркалық ригельдерді және панельді қабырғаларды кеңшарға тасып әкеп қойған еді, алайда қаржылық және материалдық мүмкіндіктері мен жұмыс күші жетпей тоқтап қалды. Сондықтан да қолда барды пайдаланып, тұздалған терілер сақталатын шағын үйдің ішін ыңғайлап, тері өңдеу станоктарын технологиялық ретіне сай орналастырып, көрер көзге қораш қой терілерінен алғаш рет жүп-жұмсақ, былбырап өңделген былғары алып, оны қара түске бояп, тігін цехында арнаулы машиналармен жылы тон тігіп, олармен ауыл еңбеккерлерін қамтамасыз ете бастадық. Артылғаны саудаға шығарылды. Осы кәсіп үшін «Айдай» деп аталатын шағын кәсіпорын құрылды. Басшылығына бұрынғы бас зоотехник С.Әбеуов тағайындалған бұл цехта тері өңдеуші С.Жақыпбеков, тігінші Н.Хамиева жұмыс жасады.

Жобасы мен қаржысы дайын тұрған тағы бір объекті – дәрігерлік амбулатория ғимараты құрылысын да бастамақшы болған (қазіргі балалар алаңы) трест іргетас орынын қазып, табандап, блоктар тасып әкеліп, әрі қарайғы жұмысты қаржыландырып отырмаз деп кепілдік берілгенмен, шамалары келмей тоқтатты. Акционерлік қоғаммен аяқтап беру келісілген сауда кешені мәселесі де осылай шешілмей қалды. Кезінде дүрілдеген ірі кәсіпорынның бұл халі елімізде орын алып келе жатқан бей-берекетсіздіктің нышаны еді. Бірер жылдан соң 60 жылдай ел игілігіне қызмет еткен трест ақыры тарап тынды.

Дегенмен кеңшар шаруашылық әдіспен жоспарланған құрылыстарды салуды жалғастыра берді. Осы жылдар ішінде 5 қой қорасы, 6 екі пәтерлі, 2 бір пәтерлі тұрғын үй салынды. Калинин бөлімшесінде клуб үйі жөнделіп, шағын саябақ жасалып, басқадай абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бірлестік бөлімшесінде монша және кеңсе қайыра жөнделді. Икекте шағын машина алаңы салынып, қой тоғыту орны мен қыркын пунктін іске қосылды. Осы бөлімшеде жабылып қалған бастауыш мектепті қайыра ашуға бос тұрған ғимарат жөнделіп берілді.

Орталықта білікті инженер Е.Шәріптің басшылығымен мың тонналық астық қоймасы жаңа материал – профнастилмен құрастырылып шықты. Бұл азамат жаңа кеңсеге диспетчерлік басқару пультін де орнатып, жұмыс бабына келтіруді ұйымдастырған болатын.

Ойда жүрген тағы бір шаруа – кеңшар орталығы мен Алматы – Свердловск (Екатеринбург) одақтық маңыздағы тас жолын қосатын 55 шақырымдық көтерме жол жағдайы еді. «Жамшы» мемлекеттік жолы» (Госдоргоға «Жамши») деген атпен жобалық-металдық құжаттамалары жасалып, мәртебеге ие болған көтерме жол туралы, оған аударылған қаржы туралы кеңшар бухгалтериясында еш құжат жоқ. Жол негізі салынғанмен, беткі қабатына қиыршық тас төселмеген. Әр жерде көзделген су өткізгіш шығыршықтар (кольцо) Аксенгір ауылынан әрі өзекте салынуға тиіс көпірдің тіреулері мен темір-бетон аркалықтары (пролеттары) әкелінгенмен, орнатылмаған еді. Ресми пайдалануға берілмеген жолмен кеңшар техникасы да көп жүрмей, дала жолымен қатынайтын.

Облыс орталығына іс-сапармен барған бір жолы Жезқазған облыстық автомобиль жолдары басқармасының бастығы, жақсы таныс Алматы Жұмағалиұлы Жүнісовке барып жолығып, аталған жолымыздың жағдайын айтқан едім. Ол «Жамшы» мемлекеттік жолы» Автомобиль жолдары

министрлігінің жоспарына сәйкес жасалып жатқанын айтып, толық бітіріп беруге құзырлы мекеме – №17 Жол-құрылыс тресті бастығы Николай Васильевич Лашкоға ертіп апарып, екеуі бірауыздан көмектесу керектігіне келісіп, жұмысты бастауды Балқаштағы №55 жол-құрылыс басқармасының бастығы А.А.Гунченкоға тапсырды. Алайда, ел бойынша өріс алып келе жатқан дағдарысты кезең бұларға да жеткен сияқты, аяқсыз қалды. Аталған жол тек 2006 жылы ғана аудан әкімдігінің ұсынысымен ресми түрде облыстық маңыздағы жол санатына өніп, «Астана – Алматы» – Нүркен – Ақтоғай» автомобиль жолы атымен үкіметтен қаржы бөлініп, жасалып, 2010-2011 жылдары ғана толық пайдалануға беріліп, балансқа алынды. 1993 жыл «Жамшы» қой өсіру кеңшары үшін ерекше жыл еді. Қыркүйек айында оның құрылғанына 20 жыл тол-мақ. Аудан көлемінде бұған дейін мерейтойын атап өткен шаруашылық болған жоқ.

Тәуелсіздігімізді алып, бодандықтан бостандыққа жеткенмен, Одақ тарап, экономикалық байланыстар үзілген, халықтың әлеуметтік жағдайының қиындай бастаған кезінде мерейтой өткізудің реті жоқ сияқты. Алайда, кеңшар активімен ақылдаса келе, 20 жылдықты ауыл еңбеккерлерінің еңсесін көтеріп, рухын өсіру үшін өткізуді шештік. Шешім қабылданғанмен, кеңшардың бірінші басшысы ретінде бар жауапкершілік маған түсетіні де түсіндім. Өйткені, кезкелген тоғышар кеңшар қаржысын босқа шашып жатыр деп айтуы да мүмкін. Осыны ескеріп, Балқаш кен-металлургия комбинатының жаңадан болған бас директоры Рүстем Төлүбаевқа бардым. Алдында танысуда болғанмын. Обалы нешік, ол кеңшардың мерейтойына көмегіміз болсын деп, бас бухгалтері Амангелді Мұқахановты шақырып алып кенесіп, 5 миллион рубль ақша беретін болды. «Торанғы» АҚ төрағасы – салынып жатқан шошқа кешені директоры Ораз Қырықбаев 500 мың рубль бөлді. Тағы да сондай 7-8 мекеме қолдарынан келгенге көмектесіп, мерейтойға дайындық пен оны өткізуге мүмкіндік алдық. Дайындық жұмыстары қызу жүріп, түгел объектілерді: әлеуметтік-мәдени, өндірістік ғимараттарды сылап-сырлап, көшелерді тегістеп, тұрғын үйлерді ретке келтіріп, дуалдарын сырлатып, іс-шаралар ететін жерлерге – демалыс паркіне, Мәдениет үйіне ерекше назар аударып, кең көлемде абаттандыру жұмыстарын жасадық. Бұл дайындық жұмыстарының барлығы бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілді. Мерейтой үшін жасалған төсбелгі, шақыру мен бағдарлама өте сапалы дайындалды.

Мерейтой 5 қарашада өтті. Облыс пен қаланың бұрынғы бірінші басшылары Қ.Б.Жұмабеков, Ж.Ә.Өбүғалиев, Алматы зоовет институтының Т.Садықұлов бастаған бір топ ғалымдары, жуырда ғана генерал атағын алған жерлесіміз С.Жақыпбеков, ауданның бірінші басшысы С.Ж.Дүйсебеков пен аудан мекемелерінің басшылары, Балқаш қаласы кәсіпорындары мен ұйымдарының өкілдері, журналистер, кеңшарда бұрын істеп кеткен басшылар мерейтой қонақтары қатарынан орын алды. Іс-шараны жүргізуге аудан өкімінің орынбасары Т.Мұқановтың үлкен көмегі болды. Қонақтарға, әсіресе, біздің қыркын пунктінде безендіріп жасаған «асыл тұқымды малдар» көрмесі қатты ұнады. Жуындырып, тарандырып қойған асыл тұқымды дегерес қойының (қошқары мен саулығы) 10 шақты түрін, мұғалдзар, көшім, қостанай жылқыларын, қазақтың ақбас сиыры мен бұқасын қонақтар түгел ауыл адамдарының өзі танымай қалды. Үлкен әдеби, спорттық іс-шаралар, концерт болды. Қысқасын айтқанда, мерейтой абыроймен көрсете білді.

Күн тәртібінде тұрған жекешелендіру процесі де өз кезегімен жүре бастады. Р.Тлеуқұлов (Магазин), К.Ибрахимов (Қарынши), С.Қаппаров (Орта Ақсай), Ж.Ибрахимов (Ақсай), Ә.Шакиров (Кебәек), Б.Қойшанов (Қарашоқы), М.Нұрахметов (Бакал), О.Шорманов (Ақирек) бір отар қойын алып, шаруа қожалықтарын құрды.

Машина-трактор паркі жаңа бірліктермен толықтырылды. Кеңшарда бұрын болмаған КамАЗ жүк машинасы тіркемесімен алынып, ол данғайыр жүргізушілердің бірі, еңбеккер Ә.Бейсековке тапсырылды. Жаңадан автобус, ГАЗ-53 автомашиналары, донғалақты және шынжыр табанды тракторлар, ауыл шаруашылығы техникалары келді.

Кеңшарда кадрлық өзгерістер кезінде бас зоотехник болып тағайындалған С.Аханов, бөлімше басқарушылары болып тағайындалған К.Омаров, Ж.Хамиев, бас мамандар болып бұрыннан істеп келе жатқан С.Аяғанов, Т.Атабаев, З.Тәуекеев, Ө.Тәсімбеков, З.Шамғынов, ферма менгерушілері О.Оңғарқұлов, Ж.Ошанов, Б.Аханов, Қ.Бейсенбин, механикация саласындағы Д.Үйсінбаев, Б.Байболатов, Е.Дүйсеннов, т.б. көптеген орта буын мамандар, қызметтік көлік жүргізушісі С.Қазақбаев өздеріне сеніп тапсырылған жұмыс учаскесіндегі міндеттерді шешуге аянбай ат салысып, ұжымдаса істеудің ерен үлгісін көрсете білді.

Кеңшар партия комитетінің хатшысы Е.Хасенов, селолық атқару комитетінің төрағасы (әкімі) М.Балғабаев, кәсіподақ комитетінің төрағасы Ж.Әбжанов тарапынан үлкен қолдау болып отырды. Осындай азаматтардың, жалпы кеңшар еңбеккерлерінің жұдырықтай жұмыла еңбек ете білуі арқасында қиын уақыттардың өзінде өндірістік көрсеткіштер бойынша ауданда алдыңғы үштіктен көрініп жүрді.

1994-1995 жылдары облыс бойынша кеңшарлар мен

ұжымшарларда жаппай жекешелендіру науқаны жүріп, бізден басқа кеңшар қалмады. Ұжымды ұстап қалу мақсатында барлық процедураларын сақтай отырып, 1995 жылдың 14 желтоқсанында кеңшар еңбеккерлерінің жалпы жиналысын өткізіп, онда шаруашылықты акционерлік қоғамға айналдыру туралы шешім қабылдадық, жарғысын бекіттік. Жиналыс хаттамасын ұсынып, басқа мөшкік түрінде Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткізуге алдында облыстық мүлік комитетінен мақұлдау алуға тапсырған кезде олар құжатты қабылдамады. Тым құрмаса кеңшардың асыл тұқымды негізін сақтау қалу үшін 6000 бас элиталық және 1 класты дегерес қойын, 100 бас ақбас сиырды, 50 бас жабы, көшім тұқымды жылқыны, МТМ мен машина алаңын бөліп алып, кіші кәсіпорын құрып, қалған мал-мүлікті жалпы негізде жекешелендіріп, таратып беру туралы аудан әкіміне ұсыныс хат жазылып, оған мардымды жауап болған жоқ.

Ауданға кезекті бір іс-сапар кезінде, 1996 жылдың 20 қаңтарында облыс әкімі Қ.Ы.Нағыманов актив жиналысын өткізіп, сол жиналыста облыстағы 63 кеңшардың 62-сі жекешелендірілгенін, бұл кері бұрылмайтын үдеріс, Президент тапсырмасы, заман талабы екенін жеткізіп, «Жамшы» кеңшарын да тездетіп жекешелендіру керектігін менің жеке өзіме қарата айтты. Бұл мәселені мен шеше алатын деңгейде емес екенімді, өйткені асыл тұқымды қой өсіру кеңшары болғандықтан, республика, облыс деңгейінде қаралуы керектігін облыс әкімінің өзіне аударып едім, ол ойланп қалды. Жезқазғанға оралысымен әкім облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына Үкіметтің атына «Жамшы» кеңшарын жекешелендіруге рұқсат сұрап өз атынан хат дайындауды тапсырыпты, оны сол хатты дайындаған жолдас жігіттер айтты.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.Есімов бұл хатты қарап шешу жөнінде тиісті тапсырма беріп, осыған орай «Жамшы» асыл тұқымды қой кеңшарын тізімнен шығарып, жалпы негізде жекешелендіретін шаруашылықтар санатына қосу туралы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1996 жылғы 26 наурыздағы №55 бұйрығы, Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитеттің 1996 жылғы 3 сәуірдегі №264 қаулысы қабылданды.

Осы құжаттарды негізге алған Жезқазған облысы бойынша Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру жөніндегі комитеттің 1996 жылдың 30 сәуіріндегі №40-п бұйрығы шығарылып, «Жамшы» асыл тұқымды қой өсіру кеңшарын жекешелендіру, тиісті шаралар жасау және жекешелендіру комиссиясын құру туралы шешім қабылданды. Комиссия төрағасы болып аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының орынбасары Нәсір Болбақов тағайындалды. Құрамына кеңшар директоры мен бас мамандар және менің ұсынысыммен шопан Т.Ермағанбетов енгізілді. 8 мамырда кеңшар ұжымының жалпы жиналысы өтіп, онда жекешелендірудің негізгі қағида-тәртіпін белгіледік. Әркім өзі отырған қыстағымен, мінсіп жүрген трактор, автомашиналарымен ерікті түрде ағайындарымен, аралас әріптестерімен біріге алады. Кеңшардың мал-мүлігі тиісті методикалық есептеу әдісімен шыққан үлеске қарай бөлінеді, т.б. қажетті шаралар ашықтық пен әділдік тұрғысында жүзеге асырылады деп шешілді және бұл келісім іс жүзінде толық орындалды.

«Жамшы» кеңшары бойынша 1996 жылдың 30 мамырында №25-к соңғы бұйрық шығарылып, бүкіл жұмыс істеген адамдар босатылды. Кеңшардың бөліну балансын қасалып, ендігі өкілеттілік жекешелендіру комиссиясының қолына берілді. Сөйтіп, республикадағы, облыстағы ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бірі өмір сүруін тоқтатты.

Бір кездері 50 мыңға дейін қой малын өсірген, төрт ірі бөлімшесі бар, білім, мәдени ошақтары, дәрігерлік пункттері жеткілікті, инфрақұрылымы жақсы дамыған, қала типті кентті орталығы мен 2 мыңға жуық халқы болған кеңшар аты тарих қойнауына кетті.

Бірақ қай уақытта болсын бөліп беру, тарату деген жұмыстар оңайлықпен біте қоймайды. Басында біріккен адамдар қайта бөлініп жатады, дау-дамай, арыз-шағымдар шешіледі, түсіндірме жұмыстары жүйелі жүргізіледі. Жекешелендіруді толық аяқтау 5-6 ай жүрді.

55 шаруа қожалығы жеке меншікке не ретінде шаруашылығын жүргізуге бағыт алды. Бір айта кететіні, «Жамшы» кеңшары өз жұмыскерлерінің тиісті құжаттарын шашауын шығармай аудандық архивке өткізген, банктер алдындағы кредиті толық өтелген, басқа да кәсіпорындар мен ұйымдарға, мекемелер мен жеке адамдарға қарызы толық жабылған бірден-бір кеңшар болды. Жаңадан шыққан фермерлер мойнына бірден-бір берешек ілінбей, таза шығарылды.

Қазір Нүркен ауылдық округі болып аталатын, құрамында 5 ауылы бар ірі өкімшілік-аумақтық бірлікте өмір жалғасуда.

Биыл 50 жыл толғалы отырған қасиетті мекенді жүдетпей, одан әрі өркендете беру, ауыл іргесін берік ету, ауыл азаматтарына, сыртта жүрген жамшылықтарға үлкен сын және туған жерлерінің көркейіп, гүлдеп беруіне әрбір перзенті ат салыса беретініне сенім мол.

Мейірхан ТӘТІБЕКОВ,
кеңшардың бұрынғы директоры, мемлекеттік қызмет ардагері.

Алтын Орда

Шыңғыс хан империясы – Шыңғыс хан (Темучин, 16.04.1162 – 25.08.1227 жж.) құрған мемлекет. 1189-1206 жылдар аралығында болған қиян-кескі соғыстардан кейін өзінің негізгі жауларын (Меркіт тайпасының көсемі Тоқтыбектен бастап, Найман тайпасының басшысы Таян (Даян) ханға дейін) талқандаған Шыңғыс хан Алтайдан Қытай қорғанына дейінгі аймақта біртұтас мемлекет құрып, оны кеңейте бастады.

1207-1208 жылғы қыста Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы бастаған монғол әскері оңтүстік Сібірдегі «орман халықтарын», ойраттарды, буряттарды, якуттарды бағындырды. Енисейдегі қырғыздардың билеушісі Арыс Айнал Алдиярулы бек ақ сұңқар, ақ тұлпар, кара бұлғын ішік тарту етіп, Жошыға соғыспай бағынды («Монғолдың құпия шежіресі», 239-тарау).

1207-1209 жылдары Шыңғыс хан бастаған монғол әскері Танғұт (Си Ся, Солтүстік-Батыс Қытай) хандығын жаулап алды. Бұл көшпенділер мен отырықшылар арасында болған бірінші соғыс болды. Шығыс Түркістандағы ұйғыр Идиқұты Барчұк өз еркімен Шыңғыс хандығына бағынып, боданға айналды. 1211 жылы Шыңғыс хан ұлдары – Жошы, Шағатай, Үгедей және Төле көп әскер ертіп, жорыққа шықты. Гоби шөлінен өткен монғолдар Цзин (Алтын) еліне, солтүстік Қытайға қарай жылжыды. 1215 жылы олар сол кезде Цзин әулетінің астанасы болып тұрған Ханбалықты (Бейжіңді) басып алды (Н.Мыңжан, «Қазақтың қысқаша тарихы», Алматы, 1994 ж., 194-бет). Алайда, бұл жорық соңына дейін жеткізілмеді. Тәжірибелі қолбасшы Жалайыр Мұқылай әмір бастаған алпыс мыңдық әскерді Қытайға қалдырып, Шыңғыс хан 1216 жылы Қаракорымға қайтып оралып, Орта Азияға жорық жасауға дайындала бастады.

1218 жылы Шыңғыс хан жиырма мың әскерін Жетісуға аттандырды. Жебе ноян басқарған әскер найман ханы Күшілікті өлтіріп, Іле, Жетісу аймағын билеп тұрған қарақытайлар мемлекетін бағындырды. 1218 жылы Отырарда монғол саудагерлерінің өлтірілуі Шыңғыс ханның Орта Азияға қарсы жоспарланған жорығын жылдамдата түсті. Бұл кезде Шыңғыс ханның алтын шатыры Ертіс өзенінің басында болатын. 1219 жылы қыркүйекте жүз елу мың қол Жетісуды басып өтіп, Орта Азияға кірді. Бұл жорық бес жылға созылып, Сырдария, Әмудария бойы, Мәуереннахр өлкесі, Дешті Қыпшақ монғолдардың билігіне өтті. Ұланғайыр жерді жаулап алған Шыңғыс хан көзінің тірісінде осы иелігін 1223 жылы Сайрам мен Талас аралығындағы Құланбасы жазығында өткен құрылтайда бөйбішесі, қоңырат тайпасының қызы Бөртеден туған 4 ұлына бөліп берді. («Айбын», Алматы, 2011 ж., 348-б.). Үлкен ұлы Жошыға Ертіс өзенінен Орал тауларына дейінгі жер, одан әрі батысқа қарай «Монғол атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтар», Оңтүстікке қарай Каспий мен Арал теңізіне дейінгі жерлер берілді. Әмударияның төменгі жағындағы аймақтар (солтүстік Хорезм) мен Сырдария өңірі де Жошы билігіне берілді. Бұл жерлер «Жошы ұлысы» деп аталды. Жошының ордасы Ертіс алқабында болды. Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың үлесіне Қашқария, Жетісу, Мәуереннахр тиді. Оның ордасы Іле алқабында орналасты. Үшінші ұлы Үгедейге Батыс Монғолия мен Тарбағатай аймағы берілді.

Оның ордасы қазіргі Шәуешек қаласының маңайында болды. Кенже ұлы Төле әкесінің қара шаңырағы Монғолияның мұраға алды. Сонымен, Қазақстан жері монғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі – Жошы ұлысының, оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысының, Жетісудың Солтүстік-Шығыс бөлігі – Үгедей ұлысының құрамына кірді. (Б.Жұмақасова, Қазақстан тарихы, Алматы, 2010 ж., 74-б.).

Жошы ұлысының негізін бұрын Дешті Қыпшаққа кірген бірінғай түркітілдес тайпалар құрап, алғашында Алтын Орда хандығына, кейін одан бөлінген Ақ Орда хандығына қарады. Ежелден бері Іле алқабы мен Жетісу өңірін мекендеген үйсін, дулат, тағы басқа тайпалар Шағатай хандығына қарады. Шағатай хандығы ыдыраған соң одан бөлінген Моғолстанға бағынды. Бұл ұлыстардың барлығы Қаракорымдағы ұлы хан Шыңғыс ханға бағынатын болды.

Шыңғыс хан батысқа қарайғы жерлерді басып алуды Жошыға тапсырып, өзі 1225 жылы Монғолияға қайтып оралды. Жошы – Алтын Орданың негізін салушы, Қазақ хандарының арғы атасы. Жошы жас кезінен аса көрнекті әскери қолбасшы ретінде көзге түсіп, Шыңғыс хан әскерлерінің жорықтарына белсене араласады. Жошы өмірінде 60-тан аса ірі шайқасқа қатысып, әлемнің 200-ге жуық қала, қамалдарын бағындырды. Жошы ұлысы қазақ халқының тарихында үлкен маңызға ие. Себебі, дәл осы территорияда қазақ мемлекетінің іргетасы қаланып, дамыды. («Қазақ халқының тарихи тұлғалары», Алматы, 2013 ж., 2-кітап, 8-бет).

Шыңғыс хан батысқа жасаған жойқын жорығын монғолдардың осы өлкегерге жаппай қоныс аударуы деп ұғуға болмайды. Монғолдардың негізгі халқының атамекені Монғолияда болды. Соғыс жорығына қатысқан қалың қолы 150 мыңнан аса салт атты әскер болғанымен, оның басым бөлігі жергілікті түркітілдес тайпалардан қосылғандар еді. Монғолиядан батысқа қоныс аударған Жошы мен Шағатайдың қарамағындағы монғолдар саны да шамалы болатын: Шыңғыс хан Жошыға тоғыз мың үй, Шағатайға сегіз мың үй, Үгедейге төрт мың үй берген (Қазақтың қысқаша тарихы, 200-б.). Бұлар Орта Азия мен Қазақ жеріндегі өзі жаулап алған түркітілдес халықтардың тілі мен мәдениетін, дінін қабылдап, сінісіп кетті.

1227 жылы 25 тамызда Шыңғыс хан жорық жолында ауырып қайтыс болды. Жошы әкесінен алты ай бұрын қазаға ұшырады. Жошының мұрагері оның екінші ұлы Бату (Батый) болды. Шыңғыс хан басқа немерелерінен Батуды ерекше көріп, Жошының мұрагері деп шешкен еді.

Тақ мұрагері Батуға оның ағалары мен бүкіл халық бас иді. Ол 1229 жылы Үгедейді Монғол империясының ұлы ханы сайлаған Қаракорымдағы құрылтайға қатысты. Ал, 1235 жылы болған бүкілмонғолдық құрылтайда Шығыс Еуропаға жаңа жорық жасау туралы шешім қабылданып, Бату біріккен монғол әскерлеріне әскербасы болып бекітілді. Жорыққа Батудан басқа Шыңғыс хан әулетінен Үгедейдің ұлы Күйік, Төлөнің ұлы Мөнке, Шағатайдың ұлы Байдар және Батудың өз бауырлары Орда Ежен, Тоқа Темір, Шыңғыс ханның әйгілі қолбасшыларының бірі Сүбедей, тағы басқалары қатысты. Жүз елу мыңға жуық адамнан тұратын әскер жорыққа Батыс Алтай өңірінен 1236 жылы көктемде аттанып, маусым айында Еділ бұлғарларының жеріне жетті. Бату қолы Орта Азия қыпшақтарының қарсылығын жойған соң, Мәскеу (1238), Киев (1240), Краков (1241), Бреслау (1241), Будапешт (1241) қалаларын алып, Орта Еуропа, Тракия өңірін, Аустрия, Чехия, Словакияны бағындырып, 1243 жылы Еділ сағасына қайта оралды. («Айбын», Алматы, 2011 ж., 68-б.). Дәл осы жерде ол кейін ұзақ өмір сүрген жана монғол мемлекетін құрды. Бұл мемлекетті көрсету үшін мұсылман авторлары бірнеше атауды қолданды: Жошы ұлысы, Қыпшақ мемлекеті, Берке елі, Солтүстік хандық, тағы басқасы. Ал зерттеу әдебиеттерінде ол Алтын Орда деген атап белгілі. И.Тимофеев ол жөнінде: «Хорезм және Еділдің төменгі жағынан бастап, Днепрге дейінгі байтақ далада көшіп-қонып жүрген көшпенділерден тұратын Жошы ұлысы – Алтын Орда Русьтің мойнына байланған ауыр тастай еді» – деп жазады (И.Тимофеев, «Ибн Баттута», Мәскеу, 1983 ж., 164-б.).

Алтын Ордаға кең байтақ жер енді. Оның шегі батыста – Днепрге, шығыста – Ертіске, оңтүстікте – Солтүстік Кавказға, солтүстікте – Батыс Сібір ойпатына дейін жетті. Оңтүстік-Шығыста солтүстік

Хорезм мен Сырдарияның төменгі жағындағы жерлер енді. Бату әскерлерінен талқандалған орыс князьдіктері Алтын Орданың вассалдарына айналды. Олар Алтын Ордаға тәуелді болып, оның хандарынан князьдікті басқаруға жарлық алғанына, төлем төлегеніне қарамастан, азмат бостандықтарын сақтады («Қазақтар», I том, Алматы, 2003 ж., 53-б.).

Алтын Орда экономикалық және әскери күш-қуаты толысып, мәдениеті өркендеген кезеңде (XIII-XIV ғғ.) жер көлемі 10 млн. шаршы шақырымнан асты. Бұл держава шығысынан батысына дейінгі аралығы шамамен 6160 шақырым, солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі аралығы 4400 шақырым өлкені қамтыды.

Бату хан тұсында (1227-1255 жж.) мемлекет астанасы Еділ бойындағы Сарай Бату қаласы (қазіргі Астрахань маңында (1243 ж.), кейін Сарай Беркеге (Еділ бойымен Сарай Батудан жоғарырақ) көшірілді. Өзбек ханның (1312-1342 жж.) тұсында Сарай Беркеде болған араб оқымыстысы Ибн Баттута бұл жөнінде: «Сарай қаласы – жазыққа орналасқан, аса үлкен аумақты алып жатқан, көшелері кең, базарлары әдемі, халқы мол, таңғажайып қалалардың бірі. Онда діни қызметке негізделген отыз екі ірі мешіт бар, ал ұсақ-түйек мешіттер қисапсыз көп» деп жазады (И.Тимофеев, «Ибн Баттута», 1983 ж., 188-б.).

Берке хан билік еткен кезеңде (1255-1266 жж.) Алтын Орданың билік басындағы әкесүйектері арасында ислам діні тарай бастады. Ал, 1312 жылы Өзбек хан Алтын Ордада исламды мемлекеттік дін етіп жариялады. Қазақтың «Өзбектен дін қалды» деген макалы осыдан шыққан (Ш.Құдайбердіұлы, «Қазақ шежіресі», 1991 ж.).

Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы әскери негізде болды. Алтын Орданы билеуші хан ондағы барлық қарулы күштердің бас қолбасшысы саналды. Мемлекет билігінің белді ұйымы – әскери феодал шонжарлар мен алпауыт бектердің құрылтайы болды. Шешуші кезеңдерде осы құрылтайлар ашылып, мемлекет тағдырына қатысты, маңызды саяси әскери мәселелерді ақылдасып, шешіп отырды.

Алтын Орданың қарулы күштері оң қол, сол қол деп екі қанатқа бөлінді. Бату хан қарулы күштердің оң қанатын тікелей өзі басқарды да, сол қанатын ағасы Орда Еженнің басқаруына берді. Қарулы күштердің әр қанаты: түмендік, мыңдық, жүздік, ондықтарға бөлінді, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасылар басқарды. Қарулы күштердің жоғары қолбасшылық міндеттерін хан тұқымынан шыққан ханзадалар, әскери феодалдар, нояндар атқарды. Олар өз қол астындағы әскерді басқарумен қатар, сол әскер алынған ру-тайпаларды да биледі. Әскери істі бектербегі, ал азаматтық істерді уәзір басқарды. Даруғалар салық жинаумен айналысса, басқақтар жергілікті халықты әскери бақылауға алды.

Сол қанат құрамына Қазақстан территориясының үлкен бөлігі кірді. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл қанатты Орда Ежен ұрпақтары биледі. Әйтсе де, Бату ұрпақтарына елтеп вассал болған Орда Ежен ұрпағы кейін өз мемлекеттерін тәуелсіздікке жеткізді. («Қазақтар», I том, 54-б.).

Алтын Орданың орталық аймағы – Еділ бойы (қазіргі Саратовтан Астраханға дейін), астанасы – Сарай Берке (немесе Сарай әл-Жәдид), негізгі әскери-феодалдық күші – қыпшақ тайпалары болды. Алтын Орда Бату (1227-1255), Берке (1255-1266), Мөнке Темір (1266-1280), Туда Мөнке (1280-1287), Төле Бұқа (1287-1291), Тоқты (1291-1312), Өзбек (1312-1342), Жәнібек (1342-1357) тұсында кемеліне келіп, мейлінше күшейді. Егер Жошы мен Бату Монғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Мөнке Темір кезінде империядан бөлініп, дербестікке қол жеткізеді. Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда-саттық

өркендеді, әртүрлі кәсіпшілік пен колөнер дамыды (Қазақ ССР. Энциклопедиялық анықтама, Алматы, 1980 ж., 168-б.).

Найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен шаңырақ көтерген Алтын Орданың халқы мейлінше әртекті болды. Олар ислам, христиан және төңірлік дінді ұстанып, ұйғыр жазуын пайдаланды. Жазу тілі негізінен түркі тілінде (шағатай) жүргізілді. Алтын Орданың астанасы Берке сарайында, Бату сарайында, Үргеніш, Хорезм, Сығанақ сияқты қалаларда ғылым, колөнер және әдебиет айтарлықтай дамыды. Ғалымдар ілгеріде өткен Фараби, Ибн Сина, Бируни, Сығанаки, Иассауи, Бақырғани сияқты ғұламалардың асыл мұрасына ден қойып, олардың ілімін ілгері дамытса, ақын-жазушылардың ең көрнектілері – Рабғузи «Қисас-ул-Әнбия», Сағди «Бустан», Сейдахмет «Ташшухнама», «Сал-нама», Хусам Қатиб «Жұм-жұма» сияқты әдеби мұраларын дүниеге әкелді. (А.Сейдімбек, Шығармалары, II том, 35-б.). 1233 жылы Алтын Орда ақыны Әли «Қиса Жүсіп» дастанын жазды. 1303 жылы қыпшақ тіл сөздігі және әдеби мұра «Кодекс куманикум» жазылды. 1341-1342 жылдары қыпшақ ақыны Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны дүниеге келді. 1357 жылы Махмұт Әлиұлы Кердері өзінің прозалық көркем әдеби «Наһжи ұлфарадис» кітабын жазды. 1359 жылы Ахмет Хорезмидің лирикалық махаббат дастаны «Махаббатнама» жарыққа шықты. 1391 жылы Алтын Орданың әйгілі қыпшақ ақыны Сайф Сарай кесек туынды – «Гүлстан бит турки» еңбегін жазды. 1409 жылы Дурбек ақын «Жүсіп-Зылиха» дастанын жазып, жазба әдебиетінің асыл мұралары жарыққа шықты. Қазақ халқының қырыққа тарта батырдың ерлігі жырланған отызға жуық дастаннан тұратын эпосы – «Қырық батыр жыры» осы Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардан басталған. Бұл эпоста жырланған басты кейіпкерлердің көпшілігі – Алтын Ордада өмір сүрген тарихи тұлғалар. Мысалы, «Орақ-Мамай» дастанындағы бас кейіпкерлер – Орақ пен Мамай Алтын Орданың әйгілі қолбасшылары. Мамай 1361 жылдан соң Алтын Орданы билеген (Қазақ әдебиеті. Энциклопедия, Алматы, 1999 ж., 53-б.).

Алтын Орда халқы этникалық жағынан біркелкі болған жоқ. Отырықшы аймақтарда Еділ бұлғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазар мен алан ұрпақтары мен хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркітілдес қыпшақ, арғын, қоңырат, керей, уақ, қаңлы, найман сияқты тайпалар мекендеді. Алтын Орданың мемлекеттігін әлсіретіп, ақыр аяғында ыдырауға соқтырған себептер бірнешеу. Бірінші – этникалық әртектіліктен туған сепарациялық ұмтылыстар, екінші – әкесүйектер арасындағы билікке талас, үшінші – сырт күштің бел алуы (А.Сейдімбек, Шығармалары, II том, 35-б.). Осының бәрі Алтын Орданы бірте-бірте әлсірете берді. Мәскеу мемлекетінің күшеюі және 1380 жылы Куликово шайқасында Мәскеу князі Дмитрий Донскойдың әскерімен болған шайқаста итқығыс түсуі бұл процесті күшейте түсті. XIV ғасырдың аяғында (1391 және 1399 жылдары) Ақсақ Темір Алтын Ордаға бас көтертпей етіп, екі рет күйрете соққы берді. Осыдан соң Орда бірте-бірте ыдырай бастады. XV ғасырдың басында Тоқтамыс хан мен Едіге бидің өзара таласы Алтын Орданы өбден әлсіретті. XV ғасырдың I жартысында одан Еділ бұлғарлары, Қазан мен Қырым бөлініп шықты, Хорезм Темір мемлекетіне тәуелді болды. 1480 жылы орыс князьдіктері Орданы толық тәуелсіздік алды (Қазақ ССР, Энциклопедиялық анықтама, 160-б.).

1502 жылы соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен соң Алтын Орда мемлекеті жойылды. Алтын Орда жерінде Қырым (1428-1792), Қазан (1437-1556), Ноғай (1466-1557), Сібір (1563-1656), Башқұрт (1656-1738) хандықтары сияқты мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңдерде (1456-1457) қалыптасты.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ, тарихшы.

Қош, Арқаның абызы, Алаштың ардақтысы!

Рымбек Жүнісұлы Жүнісов



Арқа жұртшылығы, Алтын бесік Ақтоғай елі орны толмас ауыр қазаға душар болды. Арамыздан Мемлекет және қоғам қайраткері, Қарағанды облысының және Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, жерлесіміз Рымбек Жүнісұлы 84 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Рымбек Жүнісұлы Арқа өңіріне ғана емес, барша қазақ еліне іскерлігімен, танасүйгіштігімен, биік парасатымен танылған тұлға еді.

1941 жылы 1 наурызда Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы (қазіргі Ақтоғай ауданы), Ақтоғай селосында дүниеге келген. 1960 жылы Талғар ауыл шаруашылығы техникумын агроном мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын туған жері Ақтоғай ауданы, Сталин атындағы колхоздың (қазіргі Жидебай селолық округі) агрономы болып бастаған.

1962 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны 1967 жылы «ғалым-агроном» мамандығы бойынша бітіріп, сол жылы жанадан құрылған «Қоңырат» совхозының бас агрономы болып тағайындалды. 1971-1973 жылдары Ақтоғай аудандық атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, 1973 жылы «Қызыларай» совхозының директоры лауазымына тағайындалады.

1981-1985 жылдары Ақтоғай аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары лауазымына жоғарылап, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы қызметін атқарды. 1985-1990 жылдары аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, кейіннен бірінші хатшысы болып сайланып, тоқырау жылдарында шалғайдағы

Ақтоғай ауданының экономикасын еңселендіруге бар күш-жігерін жұмсады. Туған жерін өрге сүйреген еңбегі мемлекет тарапынан да, аудан тарапынан да зор құрмет, сенімге ие болып, 1990 Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ол – 1991 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі» туралы Конституциялық Заңды қабылдауға қатысқан, Заң жобасын белсенді түрде қолдаған халық қалаулысы. Іскер ұйымдастырушы, білікті басшы Рымбек Жүнісұлының бұдан кейінгі еңбек жолы республикалық деңгейдегі құрылымдарда жалғасты.

1992-1994 жылдары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінде инспекция басшысы, 1994-1995 жылдары ҚР Қаржы министрлігі Ауыл шаруашылығы кешені басқарма басшысының орынбасары лауазымдарын атқарды. 1995-1998 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «Алатау» базарының директоры болды. Одан кейін сегіз жыл бойы (1998-2006 жж.) Алматы қаласы бойынша жер ресурстарын басқару Комитеті төрағасының орынбасары болып абыройлы қызмет етті. 2006 жылдан өмірінің соңына дейін «Ақмола-Бетон» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы болып, Астана қаласының құрылысына өлшеусіз үлес қосты. Рымбек Жүнісұлының ұзақ жылғы жемісті еңбегі мемлекеттік деңгейде лайықты бағасын алып, екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен, тәуелсіз Қазақстанның аса мәртебелі марапаттары «Құрмет», «Парасат» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды. Қазақстан Компартиясының XVI, XVII съездеріне делегат болып сайланған.

AMANAT партиясының және Қазақстан халқы Ассамблеясының белсенді мүшесі. Ардақты азамат Рымбек Жүнісұлы көзі тірісінде «Көңілге түйгендерім», «Тоқырауын тоқырамасын» атты кітаптарын жазып оқырманға тарту еткен абзал жан. Біртуар азамат, қажырлы қайраткер Рымбек Жүнісұлының ел игілігі жолындағы еңселе еңбегі, асқақ тұлғасы, жарқын бейнесі жерлестерінің жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның туған-туыстарына, отбасына, халқына Ақтоғай елі қайғыра көңіл айтады. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, қош арқаның абызы!

**А.Аманжолов, Р.Әбеуов,
С.Мұратұлы, С.Амралин,
Б.Әмірғасым, С.Сыздықов,
Т.Таукеев, Ә.Қапасов.**

Шатырша айғай салады айдалада

Рымбек Жүнісовке

Аға, сен қалаға бардың.
Мен де қалаға бардым.
Шатырша далада қалды...
Басы тіп-тік жақпар да,
Жоны – қырат,
Жерге түскен иықтан қолы құлап,
Шатырша айқай салды айдалада,
Естіп жатқан ешкім жоқ оны бірақ:
«Шатыршаның қашанда сайран – басы,
Сайрандасы, күрсінбей, жайрандасы.
Мына ел қайда барады-ей, жосып осы,
Қай бұтада қалады, ей, қайран басы?!»
Жыр қамында жүргенде, ой қамында,
Елден шалғай осы бір қойлы ауылда,
Елжіреп бір еліктей лағына
Асыр салғам мен де оның қойнауында.
Осында жүр қызы да, бозбала да,
Кемпір-шал ғой қалғаны – боз далада.
– Қалай? – деймін – Шатырша?
– Орнында ғой...
Е, Шатырша орнынан қозғала ма!

«Сайрандаса, осылар сайрандасын,
Жайрандаса, осылар жайрандасын.
Тырқыратып тектімді қуып тастап,
Тексізбенен қалды ғой, қайран басым!» –
Деп жылайды қайран тау, жоны қырат,
Жерге түскен иықтан қолы құлап.
Шатырша айғай салады айдалада,
Естіп жатқан ешкім жоқ оны бірақ.
Аға,
Ақынмын деп мен неге қалаға бардым?
Әкіммін деп сен неге қалаға бардың?!
Жыланды – далада қалды...
Қызыларай – далада қалды...
Шатырша – далада қалды...
Қайда барар қайран ел,
Құрағына,
Тауына да қарамай, бұлағына?!
Шатыршаның осы бір жанайқайы,
Шалынса екен құдайдың құлағына.

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ.

Қош, Арқаның абызы, Алаштың ардақтысы!

Таңмен таласа жеткен қаралы хабар қабырғамды қайыстырып жіберді. Есеңгіреп, тас төбемнен жай түскендей күйде отырмын...

Арқаның айбоз азаматы, Ақтоғайдың абызы, Алаштың ардақты ұлы, қазақтың қабырғалы қайраткері Рымбек ағам қайтпас сапарға аттанды дейді... Неткен суық хабар?! Неткен ауыр қайғы?!

Ақсоран аласарып, Шатырша шайқалып кеткендей... Тоқырауын ағысынан жаңылып, тұнығы лайланып кеткен шығар... Асылы көшті. Ардақтысы ақтық сапарға аттанды. Қазақтың қара нары шөкті.

...Рымбек ағаны бала күнімнен білетін едім. Көрші тұрдық. Таудай тұрқына, кемел келбетіне сүйсіне қарап, осы Рымбек ағаға қарап бой түзеген ұлдың бірімін. Атам Алтынбекпен, әкем Қомармен қадірлес болған көзкөргендер көшінің соңы еді... Атам туралы, Әкем туралы есті естелік айтатын шежіре кеуде дамылдады. Өткен дүние! Өкініш өзекті өртеп, қайғылы хабар қабырғамызды қақыратып кетті-ау...

«Алтығанның парасатын айтсаңшы! Жаңылған шешейдің дастарқанындай ақ пейіл қайда?!» деп отырушы еді, жарықтық. Күні кеше ғана қоңырау шалып: «Ақтоғайдаға әкім сайлауына ерекше еңбек сіңірген екенсің. Елді, жерді сүюдің үлгісін таныттың. Жеңістеріңмен құттықтаймын! Абыройлы бол!» деп лебізін білдіріп, батасын беріп еді. Бүгін өзі жоқ...

Екеміз күн аралатып хабарласпасақ, көңіліміз көншімейтін еді ғой, Аға-ау... Енді Сіздің желіден қоңырау соғылмайды. Енді Сіз хабарласып, Ақтоғайдың өзекті мәселесін талқылай алмаймыз. «Елге барып қайтайық. Уақытың болса, бірге жүр» демейсіз енді. Қандай өкінішті?! Қандай ауыр?!

Әрбір жылт еткен жақсылығыма қуанып, болмашы қуанышыма ортақтасып отыратын абзал аға, жайсаң жанның қазасын қабылдай алмай, дал болып отырмын...

Мен өзімді Рымбек ағаның көз алдында жүрмесем де, әр қадамым ол кісінің көңілінде, жіті назарында болғанын жақсы білемін. Елдің атқа мінген азаматтарын назарынан тыс қалдырмай, қолдау көрсетіп, жанашырлық танытып жүретін жампозымыз еді...

Елді ерекше сезіммен сүйді. Кешегі Алаш көсемдерінің алтын бесігі Ақтоғай өңірінің шерлі шежіресін, тамырлы тарихын жетік білетін сергектігін айтыңыз... «Көңілге түйгендерім», «Тоқырауын тоқырамасын» деген кітаптарындағы азаматтық ұстанымы, ордалы ой, тұғырлы түйіндері Рымбек ағаның елге, жерге деген сүйіспеншілігінің айғағындай еді. Сол сезім, сол пейіл көмескі тартып, көз алдымызда көшіп барады... Елін еміреңе сүйген жүрек соғуын тоқтатты. Ақсорандай асқақ тұлға, Тоқырауындай тұнық пейіл келместің кемесіне жайғасты...

Аһ ұрып Ақтоғай аңырап қалды...

Барша Арқа жұртына, Ақтоғай еліне, Базилия жеңгеме, Гауһар, Талғат, Таңат бауырларыма қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын.

Бақұл бол жан аға!

Қош, Арқаның абызы, Алаштың ардақтысы!

Бекзат Алтынбеков,

AMANAT партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы.

«Елім»! деп өткен есіл ер

Алыптар мен арыстар шыққан алтын бесік Ақтоғай топырағы ауыр қазаға ұшырады. Тамыз айының 14 жұлдызында Алаштың біртуар азаматы, абыз ақсақалы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Рымбек Жүнісов ағамыздың «Елім!» деп, «Жерім!» деп соққан алып жүрегі тоқтады.

Рымбек Жүнісов – «Қазақ КСР еңбек сіңірген агрономы», «Еңбек ардагері», «Парасат» орденінің иегері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», Ақтоғай ауданының және Қарағанды облысының «Құрметті азаматы».

Еңбек жолын 1961 жылы қазіргі Ақтоғай ауданы 22-съезд атындағы кеңшардың бас агрономы болып бастаған. Одан кейін «Қоңырат» кеңшарында бас

агроном, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, аудандық кеңестің төрағасы болды. 1973 жылдан 1981 жылға дейін Ақтоғай ауданы Қызыларай совхозының директоры, 1990 жылы Қазақ КСР халық депутаты болып сайланды. 1992 жылдан 1994 жылға дейін Ауыл шаруашылығы министрлігі инспекциясының бастығы, 1994 жылдан 1995 жыл аралығында АӨК (Агроөнеркәсіптік кешен) басқармасы бастығының орынбасары, 1995 жылдан 1998 жылға дейін Алматы қаласындағы «Алатау» мемлекеттік шаруашылық есептегі әсебап базарының директоры, 1998 жылдан 2006 жылға дейін Алматы қаласы бойынша жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары, кейінгі

жылдары «Ақмола-Бетон» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған.

Рымбек Жүнісовтің есімі ел есінде мәңгі сақталады. Ақтоғай ауданының халқы марқұмның туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

**С.Дүйсебеков, Т.Ахметбеков, Р.Әбдікеров,
М.Татибеков, М.Жарылғап, Қ.Тлеубергенов,
С.Әбеуова, Н.Омарханов, Р.Кенжебеков,
А.Аманжолов, М.Оңғарқұлов, Р.Әбеуов, Т.Мұқан,
С.Сыздықов, Қ.Қошантаев, Қ.Садуақасов,
С.Амралин, С.Мұратұлы, Д.Жумагулова,
А.Жұмашев, Ә.Қапасов.**

Зайырлы мемлекет – зайырлы қоғам

Зайырлы мемлекет — азаматтардың дін ұстану еркіндігі мен діни мекемелердің мемлекеттен бөлінуін білдіреді. Дін мемлекеттік саясаттан тыс. Қазақ елінде мемлекеттік деңгейдегі ресми дін жоқ. Конституция бойынша діни партия құруға жол берілмеген. Мемлекеттік органдар Конституция негізінде салалық заңдарды басшылыққа алып жұмыс істейді. Қазақстанның әр азаматы ұждан бостандығын пайдаланады. Дін ұстану немесе атеист болу — әркімнің өз еркінде.

Елде дінді ұстану мен бірлестіктердің жұмысын реттейтін заңдылықтарды мемлекет белгілейді және бақылайды. Дүние жүзінде мемлекеттердің үш түрі бар – төкратиялық, атеистік және зайырлы мемлекеттер.

Зайырлы дегеніміз бұл – озық, толерантты, ашық қоғам. Зайырлы мемлекет дегеніміз — діни тап өкілдерінің мемлекет билігін тартып алуына жол берілмеуі. Зайырлы мемлекет азаматтық қоғамның құрамдас элементі ретіндегі діни бірлестіктердің қызметін заң шеңберінде реттеп отыратындықтан, ол дін субъектілерінен заңдар мен құқықтық нормаларды қатаң сақтауын және өз қызметтерін заң шеңберінде жүзеге асыруын талап етеді. Мемлекет пен қоғам үшін діни алауыздық пен тағатсыздықтың

өршуі қаншалықты қауіпті болса, заңдардың, адам құқықтары мен бостандықтарының аяққа басылуы да соншалықты қауіп туғызады. Бірінші жағдай діни фанатизмді туындатса, екінші жағдайда құқықтық нигилизм өріс алады. Зайырлылық ұғымы өзара ынтымақтастық пен түсіністікке, ал зайырлы мемлекет ұғымы заңдылық пен құқыққа негізделгенде ғана мемлекеттілік пен ұлттық қауіпсіздіктің берік тұғыры қаланады.

Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы мемлекеттің дін саласында ашық әрі айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді. Яғни зайырлылықты атеизм, дінсіздік немесе дінді терістеушілік деп емес, мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы деп түсіну қажет. Демек, зайырлы мемлекет діни сенім бостандығын құқықтық қамтамасыз етілетіндігімен құнды.

Зайырлы қоғамда әлемдік және дәстүрлі діндердің құндылықтарын ғылыми тұрғыдан танып білген жөн. Қазіргі уақытта адам мен қоғам өміріндегі ақпараттық және интеллектуалды ортада діни наным-сенім мен сананың рөлі өсіп келеді. Діни ұстаным адамзатпен байланысты әлеуметтік құбылыс болғандықтан,

адамзат мәдениеті ұғымымен де тікелей байланысты. Діни ұстаным адам өміріндегі құндылықты, өмір мәні ұстанымада ықпал етеді.

Қорытындылай келе Зайырлы мемлекет ұғымының түп-тамыры діни құқық тұрғысынан адамсүйгіштік құқығын басшылыққа алуда жатыр. Адам және адамның өмірінің құндылығы ғасырлар тереңнен зайырлы және құқықтық мемлекет құруға деген талпынысты туындатты. Зайырлы мемлекет – діни наным-сенімді адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқық емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік заңдылықтар шеңберінде қарастырылады. Мемлекеттің зайырлы немесе төкратиялық үлгілерінің қайсысы дұрыс екендігі жайлы пікірталас туындағанда кейбір азаматтар зайырлы мемлекетте адам құқықтары басты орынға қойылатындығына көңіл аудармай жатады. Құқықтық мемлекет құрудың маңыздылығы еліміздің барлық азаматтарының діни сеніміне қарамастан заң алдындағы теңдігінен көрінеді

А.Қайрат,
ауданының ішкі саясат бөлімінің бас маманы.



Тамыз айы басталғаннан ата-аналар жаңа оқу жылына дайындыққа қызу кірісіп кетеді. Оқушының мектеп формасы, оқу құралдары, спорт киімі, сөмке, аяқ киім, қысқасы бұл

науқанда қалғаны біраз қағуға тура келеді. Әрине, баласы үшін еш ата-ана аянып қалмасы анық. Барын салып, баласын ешкімнен кем қылмауға әрекет етеді.

Осындай келенсіздіктің алдын алу мақсатында елімізде «Мектепке жол» акциясы жұмыс істейді. Айта кетейік, «Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акциясы 2024 жылғы 1 тамыз және 30 қыркүйек аралығында өткізіледі. Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға,

жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін әлеуметтік көмек көрсету. Бұл жоба көптеген отбасының мектепке дайындық жұмыстарын жеңілдетуге сеп болып отыр. Осы мақсатта 20 тамыз күні Жидебай ауылдық округінің ерікті жастарының ұйымдастыруымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында көп балалы отбасының мектеп оқушысына оқуға қажетті құрал-жабдықтар мен мектеп сөмкесі табысталды.

—Ауданымызда жаңа оқу жылына орай тамыз айының басынан мұндай қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып келеді. «Үлкеннің

Жақсылық жасап жарысайық

мынына бергенше, баланың бірне бер» демекші елімізде балаға қамқорлық жасауға үлкен мән беріліп келеді. «Бала – болашағымыз» деп ұрандатып, жиі айтамыз. Сол болашақтың алаңсыз



ер жетіп, еліне еңбек етуі үшін жағдай жасап, үлгі болуымыз қажет. Индустриалды-аграрлы аймақ саналатын өңірімізде ірі кәсіп иелері жетерлік. Одан бөлек шағын кәсіпкерлердің де саны күн санап артып келеді. Олардың ешбірі қайырымдылық шарасынан шет қалмайтыны белгілі. Ал осы бір маңызды зор «Мектепке жол» науқанының аясында берекеді, бірлігі жарасқан ел екенімізді танытып, барлығымыз бірдей мұқтаж жандарға көмек қолын созсақ, нұр үстіне нұр болары хақ, - дейді іс шараның өтуіне ұйытқы болып жүрген аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары.

Өз тілшімізден.

Еске алу



Шабанбай би ауылының тумасы, руы Көшкін-Орысбай, еңбек ардагері, ардақты нағашымыз **Шаяхметтегі Тілуқадыр Мұқажанұлының** өмірден өткеніне 40 күннің жүзі болды. Көзінің тірісінде еңбегі бағаланып, талай мақтау мен марапаттаулардың иегері болды. Артындағы ұрпақтарына телегей теңіз ақыл-кеңес өсиетін айтып, адалдықтың жолын бойымызға сіңіріп кеткен асыл жан. Анамыздың көзіндей көретін, әркез ақылшымыз болып ортамызда жүретін нағашымыздан айырылып, асқар тауымыз аласарып қалғандай. Тілуқадыр нағашымыз өмір жолын ауылымыздың өсіп-өркендеуіне арнады, оның ішінде ұзақ жыл агроном болып туған жеріне маңдай терін төгіп, еңбек жасаған ел ардақтысы еді.

Торқа болсын нағашы топырағың,
Сен бөйтерек, ұрпағың жапырағың.
Еске алып қол жаямыз нағашы
Артта қалған ұрпағың атырабың.

Еске алушылар: жиендерің – Тұрсынбектің әулеті.

Еске алу



Аяулы да, ардақты құрдасымыз, әрі сыныптасымыз **Құрмашев Ернат Мұратұлының** фәниден бақиға озғанына 8 жыл өтті. Егер де тірі болса ердің жасы 50-ге келер еді. Тағдырға шара бар ма?! Сыныптасымызға топырағың торқа, тәнің рахатта, жаның жәннатта болсын дейміз.

Жылдар жылжып өтсе де,
Жүректен мәңгі өшпейді.
Жарқын жүзі ешқашан,
Көзімізден мәңгі кетпейді.

Еске алушылар: құрдастары һәм сыныптастары.

«Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК ұжымы колледждің өндірістік оқыту шеберлері Ахметов Еркін мен Совет Арнұрға сүйікті ағасы **Хасенов Әділбек Биназарұлының** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жаяу жарыстың жүйрігі

Күні кеше облыс орталығы Қарағанды қаласында жылдың басты спорттық шарасы – Қарағанды жартылай марафоны өтті. Бұл жарыс буыны бекіген, басқан қадамы нық, болашағы кемел ұрпақ үшін әр жыл сайын өтетін дәстүрлі додаға айналған.



«Qaragandy half marathon 2024» марафонында жалпы 3200 желаяқ бақ сынаған.

Қарағанды Геннадий Головкин, Серік Сәпиев, Дмитрий Карпов сынды даңқты спортшылар туған өлке. Марафон 2018 жылдан бастап, тұрақты түрде өтіп келеді. Бұл жарыс жалпы алты қашықтық бойынша өткен. Марафон мақсаты – саламатты өмір салтын ұстануға бағытталған. Жеңіл атлетика кең таралған спорт түрі болғандықтан жастарды, жасөспірімдерді спортқа баулу мақсатында өткізіліп жатқан шара. Арнайы спорт күніне орай ұйымдастырылған жартылай марафон спортшылар мен жанкүйерлерге қолдау беру мақсатында концерттік бағдарламамен басталды. Ән айтылып, спортшылар, жанкүйерлер би билеп «Қарағанды – Арена» төрін ерекше әсерге бөледі. Салтанатты шараны облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев құттықтау сөзімен ашты.

Марафон барысында 21 шақырым қашықтық бойынша бақ сынаған ақтоғайлық желаяқ Рамазан Совет үздік ондықтың ішінен көрінді.

– Марафон ойдағыдай өтті. Бұл спорт түрімен айналысып келе жатқаным 5 жыл болып қалды. Әр облыстың, қаланың марафонына үзбей қатысамын. Жүгірумен айналысу тұрақты дайындықты талап етеді. Жақсы дайындықтың арқасында, жақсы нәтиже көрсетіп келемін. Бұл жерде ең бастысы – жеңу емес. Марафонға қатысу – саламатты өмір салтын сүруге бастама. Бұл жас спортшылар мен балаларды ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды. Же-нің тұғырынан көрінген спортшыларға ақшалай жүлделер мен сыйлықтар табысталды, – дейді Рамазан Амангелдіұлы.

Аудандық жастар ресурстық орталығы.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны **Жамал Мұқашбекова!**

Сізді 75 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге өмірдің асыл нұрын, шабытты шаттығы мен жырын, таусылмайтын қызығын, арайлы думанын тілейміз. Алланың берген жасын жасап, жанұяңызда бақытты, ортамызда осындай сыйлы болып, әрбір күніңіз мерейлі де мерекелі сәттерге тола берсін.

Бүгінде сіз көңілі кең, жүрегі мейірімді, кеудесі қазына, сөзі қасиетті әже болып, үлкен сый құрметке бөленген жансыз. Алдағы уақытта да ағатай екеуіңіз ұрпақтарыңыздың қызығына кенеліп жүре беріңіз. Ақ адал пейіліңізге сай Жаратқан Ием берерін тауыспасын. Жасыңыз ұзақ болсын!

Жалын атып жүректегі отыңыз,
Қуаныштан қуанышқа жетіңіз.
Шоберенің ортасында күлімдеп,
Жүзді артқа тастап кетіңіз.

Ізгі тілекпен: «Ақтоғай аңсары» газеті редакциясының ұжымы мен ардагерлері.



Орман өрті – үлкен апат

Орман-тоғай – ел байлығы. Біздің Ақтоғай ауданының әсем табиғатына, көрікті жерлеріне таңдана, тамсана, қызығып, сүйсіне қарамайтын адам кемде-кем. Жас, күз айларында ауылымызға келіп табиғат аясында демалып, тарихымен танысуға еліміздің әр жерінен қонақтар, туристер келіп тұрады. Әрине, бұл қуантарлық жағдай.

Алайда табиғат аясында демалушылардың салғырттығынан осынау жайқалып өскен жасыл желегіміз отқа оранып кетуі әбден мүмкін. Кейбір демалушылар орманның таза ауасымен тынығып, сұлулығын тамашалап жүріп от жағады, тұрмыстық қалдықтарды тастап кетеді, ағаш бұталарын сындырып, зиянын тигізеді. Ал, босаған шишалар, әйнектер, темекі қалдығы, дұрыс сөнбеген от ошақ-тары – орман өртінің басты себептері. Сонымен қатар малға азықтық шөп дайындау науқаны кезінде шаруа қожалықтарының ақауы бар техникалары да өрт қаупін тудырады. Әр жылдың 15 сәуірінен 15 қарашасына дейінгі аралық – өрт қаупі өте жоғары кезең саналады.

Сондықтан, орман шаруашылығының мекемесі орман өртінің алдын-алу шараларын естеріңізге салады:

-орманға демалуға барар кезде арнайы рұқсат қағаз алып, арнайы демалатын орындарға бару керек;
-қайтар кезде отырған орынды жинап, от ошағына су құйып немесе топырақпен көміп сөндіру қажет.

-әйнек, қағаз қалдықтарын жинап кету керек және көліктер өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен қамтылуы керек.

Осы орайда, өрт қауіпсіздігі ережесін бұзғандарға айыппұл салынатынын барлық демалушылардың білгені жөн.

Орман өрті – үлкен апат. Ол орманға ғана емес, қоршаған ортаға да үлкен зиян келтіреді. Сондықтан ауыл адамдарың, келген қонақтар мен демалушыларды табиғат-ана сыйлаған асыл мұра – орманымызды сақтауға шақырамыз!

А.Наханов,

Тоқырауын орманшылығының орманшысы.

Құттықтаймыз!



Сүйкімді бүлдіршіндеріміз **Қазымбек Аяулым Бақытжанқызы, Дархан Асылжан Думанқызы!**

Сендерді мектеп табалдырығын аттаған алғашқы қадамдарыңмен құттықтаймыз. Міне, өмір жолдарыңның алғашқы үлкен баспалдағы мектеп табалдырығын аттап отырсыңдар. Қадамдарың оң болып озат оқып, үлкен болып ержетіп, білімнің бийік шыңдарын бағындырыңдар. Сендерге денсаулық, бақыт, қуанышты күндер мен сәтті уақыттар тілейміз.

Үздік оқы, қанаттарың талмасы,
Тек жақсылық жалғай берсін жалғасын.
Мектеп-теңіз, айдынында шомылып,
Бойға жинай аласың білім арнасын.

Ізгі тілекпен: «Ақтоғай аңсары» газеті редакциясының ұжымы мен ардагерлері.



Біз бүгін мектеп табалдырығын аттағалы тұрған бүлдіршіндеріміз **Сағындық Аянат Дарханқызы, Күмісбек Әлихан Алматылы, Абзал Әлиұрды, Жанат Мансұр, Елнұрұлы** қуанышты күндерімен құттықтаймыз. «Тарыдай болып кіріп, таудай болып шық» дей отырып, сабақтарың «4» пен «5»-ке оқуларына тілектеспіз. Ата-аналарының мейірім-шапағатына бөленіп, жарқыраған алтыны, еркедай елігі, ақ сәулә шаиқан арайлары болып, ер жүректі, намысты, қайратты, қайсарлы азамат-азаматшалары болып аман-есен жүре берсін. Барлық ізгі армандарың орындалып, өмір жолдарың ашық, болашақтарың жарқын болып, егеменді еліміздің де білікті, білімді азамат-азаматшалары болып өсе беріңдер.

Қанаттарың талмасын,
Биікке өрле, самғай түс.
Оқу бар да бәрі бар,
Болар оңды әрбір іс!

Ізгі тілекпен: Жосалы жастары – Данияр-Жұлдыз, Ернұр-Гүлзат, Айдос-Гүлбарам, Еркебұлан-Айгүл, Саламат-Гаухар, Нұрәділ-Динара, Ержан-Айқа, Ақжол-Ақнұр, Серікбол-Айжан, Азамат-Айдана.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай аңсары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу күзлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 880 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

